



ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Көпірген опералар мен сериалдар.
«Өгей» болғаны өз орнында
тұрмағаннан



I.

Армысыздар, Құрметті әріптестер! Сіздерге арнап американдық танымал телевизия маманы Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабынан жиырма бірінші дәрісті оқуға рұқсат етіңіздер. Бұл жолғы тақырып көпірген опералар мен сериалдарға арналады. Ал дәрістің екінші бөлігінде біз өз тарапымыздан авторлардың мақала мен сценариіндегі өгей сөздердің ұғымды ауырлатып, қабылдауды қиындататыны туралы баяндап береміз.

Көбікті опералар барлық елдердің телевизиясында көрермендер ең көп көретін уақытқа орныққаны жасырын емес. Және олардың рейтинг әкеліп отырғаны баршаға мәлім.

Өзі көбікті опера дегеніміз не? Бұл ұзақ уақыт экранда жүретін кейіпкерлер тобының таусылмас хикаялары. Кейінгі кезде кейбіреулер осындай көбікті операларды топ болып емделу сеанстары деп атайды екен. Ауруханаларды көпірген сериалдарды үлгі етіп ұсынады. Аурулар проблемасы тура өздеріне ұқсайтын кейіпкерді күнделікті қарап, соған еліктеп жазылып кетуге тырысатын көрінеді.

Кейбір көрермендер кейіпкерден тура өзін таниды. Содан телевизияға телефон соғып не хат жазып, оны қалай аяқтау керектігін ұсынады. Мұның өзі сценаристерге айтарлықтай жауапкершілік жүктейді. Олар кейіпкерлерінің тағдыры мен мінезін қоғамның көңіліне қарап ешпен бұрып отырады.

Көбікті опералардың телевизиядағы басқа бағдарламалардан тағы бір өзгешелігі мұндағы орта әркімге таныс. Үйдің іші, жұмыс кабинеті, мектептің дәлізі мен класы, тіпті дәрігердің ауру қабылдайтын бөлмесі мен полиция участогі де жұрттың көзі көргендей болуы міндетті. Шағын немесе үлкен қалада өтетін оқиғалардағы көшелер де көпшіліктің көріп жүргеніндей.

Кейіпкерлер де бейтаныс емес. Көрермендер бірін өзінің көкесіне, екіншісін көрші әйелге ұқсатып жатады.

Көпірген опералардың басты талабы мұндағы кейіпкерлер таусылып бітпес тартысқа түседі. Бірі басын ауыртқан мәселені шешіп үлгергенше екіншісі одан басқа жағдайға ұшырап қалады.

Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабына қарағанда негізінен олар өмірде кездесетін проблемаға тап болады. Сөйте тұра одан кәдімгідей мелодрама жасап, көрермендерді енді не болар екен деп елеңдетеді.

Көрермендер кейіпкерлерден өздері күткен әрекетті жасауды талап етеді. Бірақ әдетте ондай әрекет бірден жасала қоймайды. Көбінесе керісінше қадам жасалып, жағдай одан әрі шиелініседі.

Басты сюжетке жанама тағы бірнеше жағдай пісіп-жетіледі. Екінші кезектегі оқиғалар әрбір кейіпкердің жеке проблемасын қоюлатады.

Көбікті опера жылдан жылға жалғасатын болған соң әрі кейбір көрермендер кейде көре алмай қалатындықтан мұнда оқиға өте баяу өрістейді.

Роберт Хиллиард көпірген операларға қатысты екі трендті байқаған. Оның біріншісі аудиторияның айтарлықтай жасарып кетуі. Екіншісі көрермендердің интеллектуалды деңгейінің жоғарылауы. Бұлар енді баяғы «Қарапайым Мария», «Байлар да жылайды» немесе «Санта Барбараны» қанағат қылатын аудитория емес. Бұларға енді ширыққан сюжеттері бар сериалдар керек.

Осындай сериалдың синопсиін немесе сценариін жазамын дегендерге кітап авторы бірнеше сұрақ қояды. Қандай аудиторияға арнап сериал жазбақсыз? Әр сериалдың ұзақтығы қанша уақыт болмақ? Сериал қандай жанрда жазылмақшы? Оны кімге сатуға болады?

Роберт Хиллиард комедиялық көбіктің әрбір сериясы 20 минуттан аспауын ескертеді. Ал драмалық немесе мелодрамалық сериалдың әрбір көрсетілімі 40 минутқа есептеледі. Тарихи сериалдар әр жолы 50 минуттан уақыт алады.

Толыққанды сценарий жазылардан бұрын оның синопсисі дайындалады. Кейіпкерлер бойынша жоспар жасалады. Сериалдардың сәтті болуы ондағы кейіпкерлердің санына да қатысты. Кемінде бес кейіпкер қатыспаса көпірген операда қызық болмайды. Аз кейіпкердің әңгімесі ұзаққа созылмайды. Олар сериалдың өн бойында ең кем дегенде үлкен-үлкен үш шығалаңға түсуі тиіс. Міне ең қарапайым деген талаптар осындай. Осымен көпірген операларға қатысты әңгімеге нүкте қойып біз американдық Роберт Хиллиардтың ойларынан өзіміздің Қайнар Олжайдың ойларына көшеміз.

II.

Мақалада, сценарийде, тіпті телевизия жаңалықтарындағы ең қысқа сюжеттің өзінде артық сөйлем тұрмақ, артық сөз жүрмеуі керек. Артық сөз оқырман мен көрерменнің санасына қосымша салмақ салып қоймайды, автордың өз жұмысына салдыр-салақ қарайтынын білдіріп тұрады. Мысал керек пе?



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Көпірген опералар мен сериалдар. «Өгей» болғаны өз орнында тұрмағаннан
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Бір газеттегі мерейтойлық мақаладан алынған сөйлем мынадай: «Жорамалдауымызша 2006 жылдың 30 сәуірінде Ақан сері туралы қос томдық роман жазған Сәкен сері Жүнісов кенеттен жарық дүниемен қош айтысты». Тағы оқып көрдік: «Жорамалдауымызша 2006 жылдың 30 сәуірінде Ақан сері туралы қос томдық роман жазған Сәкен сері Жүнісов кенеттен жарық дүниемен қош айтысты». Осы сөйлемді жазып отырған автор – филология ғылымдарының докторы. Университетте әдебиеттен дәріс оқиды. Студенттерден емтихан алады. Кемінде ай сайын республикалық газеттерге әдебиет төңірегіндегі сын мақалалары шығады. Не керек, беделді ғалым. Сондықтан жазғанына күдік келтіруіміз қиын.

Осыдан кейін басымызды қатырайық келіп. Сөйлемді әрі тексеріп, бері тексеріп, автордың нені жорамалдап отырғанын ұқпадық. Сәкен сері Жүнісовтің «жарық дүниемен қош айтысқанын» жорамалдайтын несі бар? Өлгені рас. Көп газеттер қазанама берді, «Қазақ әдебиеті» тіпті, бірнеше бетін арнағаны есте.

Ал, қай жылы, қай күні өлгенін жорамалдайтын бұл Бұқар жыраудың заманындағы оқиға емес. Өзі жазып отыр: «2006 жылдың 30 сәуірінде». Сонда автор нені жорамалдауы мүмкін?

«Кенеттенді» ме? Сәкен Жүнісовтің «кенеттен» қайтыс болғанын жорамалдаудың керегі жоқ, ол кісінің соңғы сәтіне таныс-біліс болған адам баршылық, әрі ауру тарихы немесе қаза болу себебі жазылған құжаттар сақтаулы. Бар ізде, анықта. Қалай десек те, бұл жорамал жасайтындай Қабанбай батырдың қазасы емес.

Енді авторға жорамал жасататын қандай себеп қалды? Іздедік. Сөйлемді және оқыдық: «Жорамалдауымызша 2006 жылдың 30 сәуірінде Ақан сері туралы қос томдық роман жазған Сәкен сері Жүнісов кенеттен жарық дүниемен қош айтысты». Иә, мынау шығар: «Ақан сері туралы қос томдық роман жазғаны». Бірақ, бұл да – жорамалдауға жатпайтын ақиқат жағдай. Жазушыға атақты қайдам, құрмет әкелген сүбелі туынды. Хош, Сәкен Жүнісовтің Ақан сері туралы екі томдық роман жазғаны да «жорамалдауға» жатпайды екен.

Тағы нені жорамалдауға болады, өзі? «2006 жылдың 30 сәуірінде Ақан сері туралы қос томдық роман жазған» дегенді жорамалдап отыр ма? Жоқ, романның XX ғасырдың сексенінші жылдарының соңында жазылғаны мәлім. Сол кезде өзіміз іздеп жүріп оқығанбыз. Енді сөйлемде біз тексермеген күмән, кілтипан қалмады ғой.

Саралап отырсақ, басымызды қатырған «жорамалдауымызша» деген сөздің өзі артық болып шықты. Соны сызып тастаса, дүниенің бәрі орнына түседі екен. Редакциялау деген – осы. Бұл сөйлемге «жорамалдауымызша» деген өгей сөз түсіп кетіп, бәрін бұлдіріп тұр екен.

Осы сияқты тағы бір артық сөз миымызды біраз әбігерге түсіргені есте. Республикалық телеарнада айтыс қызу жүріп жатыр. Ақтөбеде Есет батыр құрметіне өтіпті. Кілең «мен атайын, сен тұра тұр» дейтін ақындар. Олардың жыл жолдары оқтаудай жұмыр келеді. Сын таға алмайсың, мін таба алмайсың ғой.

Сонда ақындардың бірінен батыр бабамызды дәріптеу кезінде «Ел маңдайын шыбынға шерткізбеген» деген өлең жолын естідік. Бұл не – мақтап айтарлық теңеу ме? Әлде осылай деуші ақынның деңгейінің төмендігі ме? Ойлап көріңіздер. Есет батырды «ел маңдайына шыбын қонғызбаған» десе жарасады. «Ел маңдайына қонған шыбынды шертетін» десе де келісеміз. Ең мықтысы – «Ел маңдайын ешкімге шерткізбеген» деген. Жарар, қандай теңеу табу – ақынның жеп отырған наны, ол теңеуге тамсану – халықтың өз қалауы. Онда біздің шаруамыз шамалы. Біздің білетініміз – шыбынның шерте алмайтыны.

Шыбын шіркін қонады, сосын қонған жерін шағады. Иә, соңынан быжынаған құртқа айналатын жұмыртқасын тастап кетуі де мүмкін. Артқы аяқтарын жыбырлататын сәті бұл. Оны шерту деу мүлде келісе қоймас. Біздің білуімізде оны қазақ «шыбын тышты» дейтін.

Шертуге келсек, ол үшін саусақ болуы тиіс. Табиғатты адамнан басқа саусақты тіршілік иелері баршылық. Мысалға маймыл атаулының бәрі, Мадагаскардың ай-ай аталатын мақұлығы, көртышқан, кесірткенің геккон аталатын түрі, Оңтүстік Америкадағы гоацин құсының балапаны жатады. Айтпақшы, соңғысының саусақтары қанатының ұшында болады, кейін қанат жетіліп, ұшуға жарағанда өз-өзінен жоғалып кетеді екен. Осының бәрі саусақтарымен сипайды, салалайды, қасиды, қазады, бүреді, қысады, тарайды, тырнайды. Тек шерте алмайды. Ақылын айла еткен адам ғана шертеді.

Ал саусағы жоқ шыбынға маңдайды шерткізіп қою – «артық қыламын деп тыртық қылған» немесе «бояушы-бояушы дегенге сақалын бояп жіберген» ақынның қатесі. Теңеудегі бір өгей сөз міне, неге ұрындырғанын көрдіңіздер ме?

Тағы бірде телеарнадың бірінен «маған айтар дығыңыз бар ма?» дегенді естідік. Бұл сөз кейінгі уақытта қоғамда үлкен пікірталас тудырған телешоу кезінде айтылды. Талай адам ұрпақты азғырады деп осы шоуды жабуды талап етті. Тіпті, шара қолдануды сұрап министрдің атына хаттар жолдады. Ақпарат



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Көпірген опералар мен сериалдар. «Өгей» болғаны өз орнында тұрмағаннан
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

министрі «бағдарламаны менің жауып тастағаным цензура болады» деп басын ала қашты. Хош, ол басқа әңгіме. Біздің айтпағымыз тура осы «дық» сөзіне қатысты. Ол айтып жіберер сәлем емес. «Дық» біреуден біреуге жеткізілмейді. «Дық» түседі, қалады. Бұл туралы сәл терең әңгіме қозғалық.

Сексенінші жылдардың соңында Тәжікстанның Ғиссар аңғарында жер тітіреп, содан алапат көшкін болды. Үш қышпақ көшкін астында қалды. Ол кезде газеттің «мен атайын, сен тұра тұр» дейтін тілшісіміз, дереу жеттік. Шарора, Окули-поен және Окули-боло қышпақтары шамамен 20 метрлік қалың лай, тас, қар аралас көшкінге көмілген. Биік шынарлардың ұшы ғана топырақтан шығып тұр. Қорқынышты көрініс еді. Дерек редакцияға суыт репортаждар жолдадық. Сапар соңында «болса бір рет келдік» деп ежелгі Ғиссар қамалын көрдік. Тау аңғарындағы бекініс екен. Ортасында кірер қақпа бар. Оның екі жағы биік мұнаралар. Оқ атуға өте қолайлы. Қос қанаты созылған қабырғалар. Осы қамалдың маңдай тұсында кірпіш атаулы ойық-ойық. Шұрқ-шұрқ тесіктер. Сол тесіктерді көрсетіп жолбасшымыз «дық» деген.

Жалпы Ғиссар аңғары Тәжікстанға жатқанмен, өзбектер көп тұрады. Кезінде Бұқар әмірлерінің ордасы болған. Халқының көбі түркі, азы парсы тілінде сөйлейтін. Беріде демографиялық ахуал қалай өзгерді, одан хабарымыз жоқ. Сол сапардан «зілзала» сөзін естіп едік. Олар «жер сілкінді» демей «зілзала болды» дейді. Сонда барып біздің «жер сілкіндіміз» орысшаның аудармасы екенін аңғардық. Ежелгі қазақтар «тітіреді» деген. Одан әрі ортақ «зілзала». Біз өз мақаламызда «зілзала» сөзін қолдандық. Тілге қайта кірігіп кетті.

Хош, сол сапардан екінші сөзді олжалап қайттық. Ол – «дық».

Дық – Орта Азияның зеңбірегі екен. Түйенің екі жағына екеуін теңдеп алады. Осындай қамалдарды қирату үшін атады. Ғиссар қабырғасындағы ойдым-ойдым тұстар сол дықтың ізі. Біздің даламызға да дықтан із түскен. Хижраның 982 жылы рәбиға айында, бұл – кейінгі жыл санау бойынша 1574 жылдың жаз кезінде, Мауереннахр ханы Абдолла Сыр бойындағы Сауранға шабуыл жасайды. Онда Сауран қамалының биіктігі етегінен басына дейін 50 кез дейді.

Шежіреші Хафиз Таныш ибн Мір Мұхаммед Бұхаридің атақты «Шарафнама-и-шахи» қолжазбасында: «Азық-түлік жетпегендіктен, Сауран қамалының тұрғындары титықтап, арып-ашқанда көн-тулақ жеп, әл-қуаттарын сақтады» деген жолдар бар. «Көн-тулақ» деп қазақ кепкен теріні айтатыны түсінікті. Абдолла хан 50 күн бойы Сауранды дықпен атқылаған.

Ғиссар әлі сақталғанмен заманындағы биік Сауран қамалынан сау тұрған бір қабырға қалмапты. Жиырмасыншы ғасырда ақын Жүсіп Қыдыров бабалардың төрт жүз жыл бұрын көн-тулақ жеп, туған жерді қорғаған ерлік күндерін «Шаңқобыз күйі» атты дастанында былай сипаттаған:

Бебеулейді зарлы күй, бебеулейді, «Қарашығым аштықтан сөнер» дейді. «Тамшы суды бір жұтпай балғын денем Қара жердің қойнына енер» дейді». Шумақтың соңы. Болашаққа бар қалғаны – осы дастан. Тағы басқа сорапқа түсіп жатырмыз, бірақ айта кетелік, Жүсіп Қыдыров мықты ақын еді. Мұқағали, Қадыр, Жүмекен, Тұманбай, Сағи тұстас. Осы бестікте ең ұмыт қалып бара жатқаны Жүсіп сияқты. Мұқағалидың ауылында мұражайы, Қадырдың Орал қаласында керемет орталығы бар. Жүмекеннің бүкіл шығармалары арнайы сайтта тұр. Сағи жайындағы мақалаларды анда-санда көзіміз шалып қалады. Жүсіп жайлы ешкім жұмған аузын аша қоймайды. Кезінде көп өлеңін жатқа айтатын едік, біз де ұмыта бастаппыз.

Сонымен, дық – жеңіл зеңбірек. Содан атылғанды топ дейді. Көне түркі тілінде топ зеңбіректің оғы, орысшасы снаряд, бұл туралы Мағауин де жазған. Сол топтың қамалға тигенде қалған ізді де дық деген.

Қазір Сауран қамалындағы дық тұрмақ, оның өзі қалмаса керек. Ал қазақта содан бері «көңілде дық қалды» деген сөз бар. Енді түсінікті шығар. «Дық» ешқашан айтылмайды, жолданбайды. Тек заттың бетінде қалған ізді «дық» дейді.

Ары қарай тағы бір орынсыз, артық жазылған сөздің талдап берейік. Бұл шағын мақаланың авторы – өте мықты азамат. Ара-тұра игі жақсылармен түскен суреттерін көреміз. Тұр-түсі нағыз киноға лайық. Бірде оның түскен ролігін көргенбіз. Соған қарағанда әртістігі де бар сияқты. Бір кездегі Сәтімжан Санбаевқа ұқсатқанбыз. Өзінің түрлі газеттер мен сайттардағы жазбаларын сүйсіне оқимыз. Әлде мамандығы, әлде әуесқойлығы этнограф болуы керек. Біз сөзбен – нағыз «рухани жаңғыру» жолында жүрген қазақ. Мақтауын асырайық деп отырғанмыз жоқ, өзіміздің ішкі ойымызды сыртқа шығарып жатқандағымыз – осы. Хош. Сөйте тұра, бүгінгі дәрісте талқылауға тұрарлық мысалды өзіміз тәуір көретін жігіттің жазбасынан алдық. Ренжімес-ау. Әрі аты-жөнін атамай отырмыз. Сонымен, оның мақаласынан:

«Қазақтың теріден жасалған сұйықтық құятын ыдыстары бар. Мысалы жанторсық, торсық, сүйретпе, саба, мес деген секілді. Осы ыдыстардың қайсысы қанша литр сиымдылыққа ие екенін тарқатып айтып беретін адам бар ма?» Үзіндінің соңы.

Бірінші сөйлем әрине, оқығанға түсінікті. Бірақ, алдымен «сұйықтық» деген сөздің жасанды екеніне



мән берелік. «Қатты», «сұйық», «қою», «ыстық», «суық» сияқты сөздер заттың әлдебір күйін білдірсе керек. Сондықтан анықтауыш ретінде зат есімнің алдында тұрып, тіркес құрайды. «Қатты құрт», «сұйық көже», «қою айран», «ыстық шәй», «суық шалап» деген сияқты. Кейде мұндай анықтауышқа «лық» пен «лік», «тық» пен «тік», «дық» пен «дік» жалғаулары жалғануы арқылы зат есім де жасалады. Бәрібір ол туынды сөздер нақты затқа емес, мінез, қасиет, қылыққа қатысты айтылады. Мәселен, «қаттылық танытты», «суықтық көрсетті» дегендей. Осы ретпен «сұйықтығын байқатты» деп мінезді сипаттауға болады. Ал, біздің автордың айтайын дегені – «сұйық ас», одан да дәлірегі «сусын». Оны «сұйықтық» деу – әсте жөн емес.

Екіншіден, сөздер орнымен тұрған жоқ. Мына қалпында «қазақ сұйықтықты теріден жасайды екен» деген ұғым туады. Сондықтан «теріден жасалған» анықтауышы «сұйықтықты» емес, «ыдысты» сипаттау үшін соның алдында тұруы керек. Сонда редакцияласақ: «Қазақтың сусын құю үшін теріден жасалған ыдыстары бар» болып шығады. Міне, енді құлаққа жағымды, санаға сіңімді.

Екінші сөйлемде тыныс белгілері түгел емес. «Мысалы» сөзінен кейін қос нүкте қойған ләзім. Біздіңше, осы тұста «мысалы» сөзінің орнына «мәселен»сөзі сұранып тұр.

Үшінші сөйлем: «Осы ыдыстардың қайсысы қанша литр сиымдылыққа ие екенін тарқатып айтып беретін адам бар ма?» Мұның да түтіні түзу болғанмен мұржасы қисық қаланғаны көзге ұрады. «...қанша литр сиымдылыққа ие екенін» деген тіркесті қазақшаласақ: «сыйымдылығы қанша литр екенін» болып шығады. Айтпақшы, «сыйымдылық» сөзінде «сый» түбірі «ы» әрпімен жазылады. Әзірше. Латынға көшкен соң қалай боларын кім білсін?..

Бұл тіркестегі ең үлке қате – «ыдыстардың сиымдылыққа ие екені». Себебі, «ие болу» тіркесі тек адамға қатысты айтылады. «Атаққа», «атқа», «малға», «үйге», «қалаға», «жерге», тағысын тағыларға адам ғана ие болмақ. Ал өзі жансыз заттың келесі бір жансыз затқа ие болуы қисынға сыймайды. Атамыз қазақ ешқашан олай сөйлемеген. Сонымен үшінші сөйлемді редакциялап берсек: «Осы ыдыстардың қайсысының сыйымдылығы қанша литр екенін тарқатып айтып беретін адам бар ма?» болып шығады. Ал, мұнымен дауласатын адам бар ма? Міне орынсыз, өгей сөздер табылды. Ең бастысы, «сұйық» деген сөзді «сұйықтық» деп сұйылтып, тықпалауды тоқтатқан жөн. Мұндай жасанды сөздерден қазір аяқ алып жүруден қалдық қой.

Республикалық басылымдардың және бірінен «Асабалық пен азаматтық» атты мақала оқыдық. Былайша басқалардан гөрі жатық жазылған. Бір қарағанға сөйлемдерінің бас-аяғы бүтін. Соның өзінде сәл жауаптылық жетпей қалатыны байқалады. Мәтінге үлкейткіш шынымен қарағанда ғана көрінетін мысалдар сөйлемде әрбір сөздің өз орнында тұрғаны маңызды екенін байқатады.

БІРІНШІ МЫСАЛ: «Қадыр, әсіресе, мәдениет министрінің аға нұсқаушысы қызметінде жүріп, шетел және бұрынғы Кеңес Одағы елдерімен мәдени байланыс шараларын орнатуға ерекше үлес қосты». Бастаушы – «Қадыр», баяндауышы – «қосты» өз орындарында. Тыныс белгілері қойылған. Сонда қате неде? Қате баршылық.

А. Алғашқы қате «мәдениет министрінің аға нұсқаушысы қызметінде» деген тіркесте тұр. Өйткені, министрдің аға нұсқаушысы деген қызмет жоқ. Министрге нұсқау бере алатын лауазым иелері – Премьер-министрдің тиісті орынбасары, Премьер-Министрдің өзі, одан жоғарыдағы Мемлекеттік хатшы немесе Президент. Мына Қадырдың қызметі – мәдениет министрлігінің аға нұсқаушысы. Иә, министрдің емес, министрліктің нұсқаушысы.

Ә. «мәдени байланыс шараларын орнатуға» деген тіркесті тексерейік. «Шара» ешқашан орнатылмайды. Шара қолданылады. Жалпы «шара қолдану» тіркесі жақсылыққа орай айтылмайды. Өкінішке қарай, бүгінгінің журналистері мұны ескеруден қалған. «Мәдени шаралар» деп аңырата береді. Бұл тіркестен «шараны» алып тастап, «мәдени байланыс орнатуға» десе, одан Қадырдың еңбегі төмендеп қалмасы хақ.

Ештеңені өзгертпей, тек редакциялаған кезде мынадай сөйлем шығуы керек: «Қадыр, әсіресе, мәдениет министрлігінің аға нұсқаушысы қызметінде жүріп, шетел және бұрынғы Кеңес Одағы елдерімен мәдени байланыс орнатуға ерекше үлес қосты».

ЕКІНШІ МЫСАЛ: «Қазақстанның Қытайдағы әскери елшілігінде жауапты қызмет атқарған бесінші баласы Рақым Қытайдың көне жәдігерлерінің арасынан бес баласын арқалап, оның күйбеңіне түскен әке бейнесінің мүсінін тауып, сатып алып, Қадыр ағаға сыйға тартыпты».

Алдымен бір сөйлемде «Қытай» сөзін екі рет келтіру – артық. Екіншісін жазбаса да, жәдігерді сол елден тапқаны сөйлемнің басындағы «Қытай» сөзінен түсінікті.

Одан кейін «Әскери елшілік» деген жеке мекеме жоқ. Авторша ойласақ, Қазақстанның Қытайда әскери, экономикалық, мәдени, тағы басқа елшіліктері болуы керек. Олай емес, елшілік – біреу. Ал онда «әскери



атташе» деген қызметті Рақым атқаруы мүмкін.

Тағы ескертетініміз, «бес баласын арқалап, оның күйбеңіне түскен» деген тіркесте мағыналық қате де, сөйлем құрылымының қатесі де бар. Адам бес баланың күйбеңіне түспейді, бес баланың қамы үшін өмірдің немесе тіршіліктің күйбеңіне түседі. Бұл мағыналық қатеге көз жұма қарағанның өзінде бала бесеу болғандықтан, «оның» емес, «олардың» күйбеңіне түседі.

Одан арғы «әке бейнесінің мүсінін тауып» деген тіркес те оңып тұрған жоқ. «Мүсін» мен «бейне» екеуі – мағыналас сөздер. Бейненің мүсінін жасау – шамасы, көлде өзенге түсумен бірдей. Демек, «бейнесінің» сөзін қысқартып тастап, «мүсінін» ғана қалдырған жөн еді.

Ақыр аяғында «сатып алып, Қадыр ағаға сыйға тартыпты» дегенге келейік. Бұл – сөйлем құру жағынан қате болмағанмен, авторлық мәдениет жағынан орынсыз тіркес. «Сатып алып, сыйға тартыпты» деп жазу арқылы тілші баланың әкеге деген құрметін көрсеткісі келген. Бірақ, діндеген жерінен адасып кеткен. Оған «сатып алып» деген пысықтауыш кінәлі. Мағауиннің теңдессіз «Аласапыран» романында Қасым хандығында Оразмұхаммедті қарсы алған Есенеі бектің алдымен астындағы атын тарту етпек болып, сәлден соң оны «базардан пәлен ақшаға сатып алғанын» айтып, масқарасы шығатын сәті бар. Мынау соны еске салып тұр.

Сонымен, мұны да тағы да басқа сөз қоспай редакциялап көрелік: «Қазақстанның Қытайдағы елшілігінде жауапты қызмет атқарған бесінші баласы Рақым көне жәдігерлердің арасынан бес баласын арқалап, тіршіліктің күйбеңіне түскен әке мүсінін тауып, Қадыр ағаға сыйға тартыпты.»

Осыны автордың нұсқасымен салыстырып көріңіздер. Сонда сөйлемдегі сөздердің өз орнында тұрғаны қаншалықты маңызды екенін байқайсыздар.

Өгей сөздің келесі мысалын өзімізге жақсы таныс тағы бір журналистен келтіріп, кезекті дәрісімізді тәмамдасақ болады. Бұл мысалға алынған мақаланың да авторының атын айтқымыз келмейді. Журналистикадағы мінезі қайсар жан. Жазуы ешкімнен сорлы емес. Өзінің орнын ойып тұрып алу үшін бірер жыл Астанада қызмет етті. Бақытын тілші ретінде іссапарға барған аймақтан тапты. Ол жақта жүргенде ата мекенін ұмытпады. Қазір төркіндеп жүрген сияқты. Бұл да – қазақтың ата салты. Одан айнымаған қарындастан айналдық. Хош. Мақтауын жеткіздік. Енді сын айтамыз. Бір ғана сөйлемі үшін ағасының тарапынан сынға ұшырап отырған жайы бар.

Әлеуметтік желіге салған туған жерінің фотосына қызыға қарап, астындағы жазбасын құныға оқып отырғанда мына сөйлемі көңілге қонбады: «Аймақтың әбден қыр-сырына қанық кісі ғой, малды жусаны биік өсетін, қары таяз түсетін жерлерге бағып келетін». Былайша, сауатты сөйлем. Қазіргі тілшілердің талайы бұл деңгейде жаза алмайды.

Тек, қардың өлшемі «таяз» немесе «терең» емес. Ол – судың өлшемі. Ал қар «қалың» немесе «жұқа» болады. Демек, мына сөйлемдегі бір сөзді редакциялап, қайта жазамыз: «Аймақтың әбден қыр-сырына қанық кісі ғой, малды жусаны биік өсетін, қары жұқа түсетін жерлерге бағып келетін». Дұрысталған сияқты. «Таяз» деген артық, өгей сөзді құрттық. Оның орнына осы қар сөзіне тән анықтауышты қойдық. Ол «жұқа» сөзі. Сөйтсек тағы бір орынсыз сөзді байқадық. Біз кезінде екі жыл бойы қой баққан шопан ретінде сөйлемдегі «жусаны» сөзін «шөбі» деген сөзге ауыстырғанды жөн деп білеміз. Оның бірнеше себебі бар.

Біріншіден, суретте шамасы, Қаратаудың шығар, бір шоқысы көрсетілген. Жусан – тау емес, даланың шөбі. Рас беткейлерге де шыға береді. Мәселе онда емес десек, екіншіден, жусанды мал күзге салым сүйсіне жейді. Басындағы дөні піскен кезде одан жұғымды шөп жоқ. Жусан жеген қойдың еті тәтті әрі құнарлы келеді. Бірақ, қысқа қарай жусанның сабағы толық түсіп, тамыры ғана қалады. Сөйтіп енді қойдың тісіне тие бермейді. Ал қар астында көде сияқты шөп сақталып жатады. Тебіндеген мал соны аршып жейді. Көденің сүйікті мекені – таудың теріскей беті. Тура мына суреттегі Қаратаудағы Мыңжылқының сайлары сияқты. Демек, автор «жусаны» деп біреуін нақтыламай, «шөбі» деп жалпылама жазғаны жөн еді. Міне тағы бір өгей сөз табылды. Ол «жусан». Оның орнына мәтінге керек «шөп» сөзі қойылды. Жіті қарау деген осы. Журналистеріміз бұндай сындарымызға ренжімейді деп сенеміз. Қайта бұл ескертпелеріміз әрбірінің кәдесіне жарайтыны анық.

Нағыз сынды кезінде Абай айтқан. Өз айналасында және өзінен кейін өлең жазамын дегендерге қаратып былай деген ғой: «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол ақынның білімсіз бейшарасы». Мұны бүгінгі журналистер де зердесіне тоқи жүргені жөн шығар.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Көпірген опералар мен сериалдар. «Өгей» болғаны өз орнында тұрмағаннан
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Жиырма бірінші сабақты пысықтау:

Бір сөйлемдегі жалғыз артық сөз оқырманды талай күдікке жетелейді
Теңеймін деп төмендетіп алатын жағдайдан сақ болу керек
Жазу барысында автордың мәдениеті аңғарылып қалады
Әр құбылысқа лайық сөздер болады, олардың орнын айырбастамау керек